

"Кейбір білім беру ұйымдарына халықаралық мектеп мәртебесін беру туралы"
Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 28 ақпандағы № 267 қаулысына
өзгеріс енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 10 қарашадағы № 692 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Кейбір білім беру ұйымдарына халықаралық мектеп мәртебесін беру туралы»
Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 28 ақпандағы № 267 қаулысына
мынадай өзгеріс енгізілсін:

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Осы қаулы заңнамада белгіленген тәртіппен осы қаулының 1-тармағының 1), 2) және 3) тармақшаларында көрсетілген білім беру ұйымдары Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын Халықаралық мектеп мәртебесін беру қағидаларында көзделген талаптарды орындаған сәттен бастап қолданысқа енгізіледі.».

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
Б.Сағынтаев